

2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджетті бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 41/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 5116 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4408912,6 мың теңге;

салықтық түсімдер – 464645,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 46356,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 20200 мың теңге;

трансферттер түсімі – 3877710,5 мың теңге;

2) шығындар – 4408765,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 6677,3 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 15150 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 8472,7 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 1500 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 1500 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8030,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8030,5 мың теңге

;

қарыздар түсімі – 15150 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 8472,7 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1353,2 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 12.12.2019 № 61/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын табыстар бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

тұрғылықты жері – қалған жеке тұлғалар үшін;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салықты қоспағанда, көлік құралдарына салынатын салық;

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағында орналасқан заңды тұлғалардан;

тіркелген салық;

акциздер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түрлеріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектер үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде, аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақыны қоспағанда, үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер әкімдері салатын айыппұлдарды, өсімпұлдарды, санкцияларды, өндіріп алуларды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері келесі негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджеттің түсімдері:

аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігінде орналасқан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, жергілікті атқарушы органның қарыздарынан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

6. 2019 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінен аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі 36521 мың теңге сомасында бекітілсін, соның ішінде:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 18165 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 18356 мың теңге.

6-1. 2019 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінде "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымды трансферттер көлемі 15658 мың теңге сомада көзделсін.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.03.2019 № 47/4 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6-2. 2019 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінде "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін нысаналы ағымды трансферттер көлемі 6548,1 мың теңге сомада көзделсін.

Ескерту. Шешім 6-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мынадай мөлшерде ескерілсін:

61642 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

2) 7454 мың теңге - халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге, соның ішінде:

ассистенттердің еңбекақысын төлеуге – 6150 мың теңге,

әлеуметтік жұмыс бойынша консультанттардың еңбекақысын төлеуге – 1304 мың теңге;

3) 7960,5 мың теңге - Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, соның ішінде:

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен (жөргектермен, несеп қабылдағыштармен, нәжіс қабылдағыштармен) қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту – 4378,1 мың теңге,

ымдау тілі маманының қызмет көрсету – 1147,5 мың теңге,

мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдардың тізбесін кеңейту – 2434,9 мың теңге;

4) 89188,4 мың теңге - Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға (бұдан әрі- нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы), соның ішінде:

ақпараттық жұмыс – 15 мың теңге,

жалақыны бөлшектеп субсидиялау – 3995 мың теңге,

көшуге субсидия беру – 10163,2 мың теңге,

жастар тәжірибесі – 5000 мың теңге,

тұрғын үйді жалдауға (жалға) беруге және коммуналдық шығындарды өтеуге – 15142,7 мың теңге,

жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға қоныс аударушыларға гранттар – 17927,5 мың теңге;

жастарға, аз қамтылған және көпбалалы отбасы мүшелеріне, еңбекке жарамды мүгедектерге бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру – 10100 мың теңге,

қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қосымша қамтуды қамтамасыз ету – 26845 мың теңге;

5) 421788 мың теңге - азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

6) 286707 мың теңге - бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

7) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

8) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

9) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

10) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

11) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

12) 115618,8 мың теңге – білім объектілерін күрделі жөндеуге;

13) 21770 мың теңге - мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

14) 104508 мың теңге – моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға - дамуға нысаналы трансферттер, соның ішінде:

Мамлют ауданының Мамлютка қаласында жылумен жабдықтау желілерінің құрылысы (1 кезек) – 45691 мың теңге,

Мамлют ауданының Мамлютка қаласында жылумен жабдықтау желілерінің құрылысы (2 кезек) – 58817 мың теңге;

15) 224353,6 мың теңге - нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыс күші тапшы өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үй сатып алуға.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.12.2019 № 61/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мынадай мөлшерде ескерілсін:

1) 19432 мың теңге – оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

2) 3206 мың теңге – энзоотиялық ауруларға қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізуге;

3) 13352 мың теңге – нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға, соның ішінде:

мобильді орталықтарда оқуды қоса алғанда, еңбек нарығында талап етілген кәсіптер бойынша жұмысшы кадрларын қысқа мерзімді кәсіптік оқыту – 13352 мың теңге;

4) 33577,6 мың теңге - А-21 "Мамлютка-Қостанай-Мамлютка" Республикалық маңызы бар ортақ қолданыстағы автомобиль жолының КТММ-28 Мамлютка қаласына көпір жағынан кіреберіс жолды ағымдағы жөндеу;

5) 14249,8 мың теңге - А-21 "Мамлютка-Қостанай-Воскресеновка" Республикалық маңызы бар ортақ қолданыстағы автомобиль жолының ұзындығы 2 километр КТММ-6 ағымдағы жөндеу;

6) 70000 мың теңге – еңбекақы төлеу қоры;

7) 5000 мың теңге - Становое ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеу;

8) 18161 мың теңге – "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мамлют мәдени орталығы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны ғимаратының шатырын күрделі жөндеу және материалдық-техникалық базасын нығайту;

9) 6300 мың теңге – көмірді сатып алуға;

10) 2000 мың теңге - нысаналы даму трансферттері - ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға, соның ішінде:

Белое ауылының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу-1000 мың теңге,

Покровка ауылының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу-1000 мың теңге;

11) 11412,8 мың теңге - Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің Воскресеновка ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

12) 11544,1 мың теңге - Мамлют ауданы Леденев ауылдық округінің Леденево ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

13) 4044,1 мың теңге - Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің Бексеит ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

14) 11256 мың теңге - Мамлют ауданы Ленин ауылдық округінің Ленин ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

15) 4337,5 мың теңге – Мамлют ауданы Андреев ауылдық округінің Бостандық ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

16) 6384 мың теңге - Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округінің Дубровное ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

17) 12522,8 мың теңге - Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округінің Михайловка ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

18) 9128 мың теңге - Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің Қызыләскер ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

19) 4739,7 мың теңге - Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округінің Искра ауылы су құбырының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

20) 14511,8 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

21) 4500 мың теңге – қазандықтарды сатып алуға.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.03.2019 № 47/4 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2019 № 51/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.12.2019 № 61/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте 15150 мың теңге сомада республикалық бюджеттен мамандарға әлеуметтік көмек көрсету шараларын іске асыруға бюджеттік кредиттер ескерілсін.

10. Ауылдық округтердің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

11. 2019 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізімі 7-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. 2019 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек түрлері бойынша шығындар 12604 мың теңге сомасында, 8-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

13. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттерді бөлу 9-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13-1. 2019 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары 10-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарға 1353,2 мың теңге сомасында бағытталсын.

Ескерту. Шешім 13-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.03.2019 № 47/4 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Мамлют ауданының жергілікті атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 4535,4 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 29.03.2019 № 47/4 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа

редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

15. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық бюджеттің шығындарын өтеуге облыстық бюджеттен республикалық бюджетке трансферттер ескерілсін.

15-1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар және тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.

Ескерту. Шешім 15-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Қ.Бекенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы
мәслихатының хатшысы

Р. Нұрмұқанова

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы
мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №
41/2 шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған Мамлют аудандық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда -Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 17.09.2019 № 56/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 08.11.2019 № 58/3 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 12.12.2019 № 61/2 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты			Атауы	Сома, мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4408912,6
1			Салықтық түсімдер	464645,3
	01		Табыс салығы	16551

	2	Жеке табыс салығы	16551
03		Әлеуметтік салық	175000
	1	Әлеуметтік салық	175000
04		Меншікке салынатын салықтар	216034,3
	1	Мүлікке салынатын салықтар	180456,3
	3	Жер салығы	3074
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	27504
	5	Бірыңғай жер салығы	5000
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	54860
	2	Акциздер	2700
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	44000
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7860
	5	Ойын бизнесіне салық	300
08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2200
	1	Мемлекеттік баж	2200
2		Салықтық емес түсімдер	46356,8
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	26356,8
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3326
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	9,9
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	23020,9
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	20000
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	20000
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	20200
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	20200
	1	Жерді сату	20000
	2	Материалдық емес активтерді сату	200
4		Трансферттердің түсімдері	3877710,5
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3877710,5
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3877710,5

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, м ы ң теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама		
1	2	3	1	2
			2) Шығыстар	4408765,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	326930,3
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	24286,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18553,4

	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5732,7
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	99295,4
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	91932,7
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	802,7
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6560
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	136880,9
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	131041,4
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4971,3
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	868,2
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	32491,7
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	861,7
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	750
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30577,3
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	302,7
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	33976,2
	001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18435,4
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3897,7
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	11643,1
02		Қорғаныс	16733,8
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	16733,8
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6535,1
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	9204,9
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	993,8
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	327,5
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	327,5
	019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	327,5
04		Білім беру	2702521,2
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	113906,6

	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	113906,6
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	6100,9
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	6100,9
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2332879,4
	003	Жалпы білім беру	2279402
	006	Балаларға қосымша білім беру	53477,4
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	30686,2
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	30384,5
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	301,7
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	218948,1
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16148,9
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	35298,8
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,7
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7979,1
	023	Әдістемелік жұмыс	18256
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	8495,6
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	132717
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	374974,5
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	73438,3
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	73438,3
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	44724,3
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	27236,9
	031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	6442,9
	032	Уақытша отбасына берілген шалғайдағы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балаларды бағып-қағу	11044,5
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	256811,9
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	126312,1
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	12604

	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	753
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	43397
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	302,7
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	30818,1
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28190,2
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	828,9
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	13553,2
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	52,7
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	312590,7
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	12809,2
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	12809,2
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	295409,1
	013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	1807,8
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	67247,7
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	2000
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	224353,6
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4372,4
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3719,9
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	652,5
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	198679,6
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	49955
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	49955
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33103,5
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	33103,5
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13585,3
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6547,6
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,7
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	522

	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6463
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	44067,9
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	43341,9
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	726
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	11548
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	11548
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	30066,1
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11747
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,7
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	18266,4
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	16353,8
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11669,1
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	4632
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,7
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	103105,7
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	26230,9
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26178,2
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,7
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	57209,7
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11308
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	52,7
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1000
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	5027
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	800
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	38622
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	400
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11713,1

	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11440,4
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	272,7
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7952
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	7952
12		Көлік және коммуникация	59309,1
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	59309,1
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	58525
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	784,1
13		Басқалар	146568,8
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9078,7
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8874
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	204,7
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	9784,2
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	9784,2
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8538,4
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	4535,4
	026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1864
	066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2139
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	119167,5
	055	"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	14511,8
	085	Монокалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру	104655,7
14		Борышқа қызмет көрсету	9,9
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9,9

		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	9,9
15			Трансферттер	167014,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	167014,7
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	13,7
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	129998
		038	Субвенциялар	36521
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	482
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	6677,3
			Бюджеттік кредиттер	15150
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	15150
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15150
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	15150
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	8472,7
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	8472,7
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	8472,7
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	1500
			Қаржы активтерін сатып алу	1500
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
13			Басқалар	1500
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1500
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1500
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-8030,5
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8030,5

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
7			Қарыздар түсімі	15150
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	15150
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	15150
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	1	2
16			Қарыздарды өтеу	8472,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8472,7
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	8472,7
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	1353,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1353,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1353,2

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы
мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №
41/2 шешіміне 2-қосымша

2020 жылға арналған Мамлют аудандық бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	2775962
1			Салықтық түсімдер	426702
	01		Табыс салығы	17551
		2	Жеке табыс салығы	17551
	03		Әлеуметтік салық	162000
		1	Әлеуметтік салық	162000
	04		Меншікке салынатын салықтар	182151
		1	Мүлікке салынатын салықтар	143623

		3	Жер салығы	3074
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	30454
		5	Бірыңғай жер салығы	5000
05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	61600
		2	Акциздер	3000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	50000
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8600
08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3400
		1	Мемлекеттік баж	3400
2			Салықтық емес түсімдер	54580
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	33335
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3326
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	9
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	30000
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	21245
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	21245
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	30200
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	30200
		1	Жерді сату	30000
		2	Материалдық емес активтерді сату	200
4			Трансферттердің түсімдері	2264480
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2264480
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2264480
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	2775962
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	235454
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаттының аппараты	16176
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16176
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	73274
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	73274
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	104566
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	104566

459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	27637
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	930
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	267
